

Шымкент қаласы білім
басқармасының «№130 жалпы
орта білім беретін мектебі»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорыны

Государственного коммунального
предприятия на праве хозяйственного
ведения «Общеобразовательная
средняя школа №130» управления
образования города Шымкент

БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 29 тамыз
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ _____
город Шымкент

Ыстық тамақты ұйымдастыру туралы

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығының 167-тармағына және 29.08.2025 жылғы № 41 Қамқоршылық кеңесі отырысының қаулысы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Шымкент қаласының әкімдігінің 02.12.2021 жылғы №1524 Қаулысы негізінде 1-4 сынып оқушыларына толығымен «Жалпыға міндетті білім беру қорынан» қарастырылған қаржы есебінен 02.09.2025-26.12.2025 жыл аралығында ыстық тамақ ұйымдастырылсын. Жауапты: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Ж.Беркенова, әлеуметтік педагог А.А.Амиралиева.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы негізінде «Жалпыға міндетті білім беру қорынан» қарастырылған қаржы есебінен 02.09.2025-26.12.2024 жыл аралығында Қамқоршылық кеңесінде қаралған оқушылардың тізімі бекітіліп, ата-ананың өтінішін негізге ала отырып, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және тұрмысы төмен отбасынан шыққан оқушылар бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылсын. Бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың тізімі бұйрыққа қосымша тіркелсін. Жауапты: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарының у.м.а Ж.А.Сламбаева, әлеуметтік педагог А.А.Амиралиева.

3. Ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тамақтану кестесі бекітілсін. Жауапты: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарының у.м.а Ж.А.Сламбаева, әлеуметтік педагог А.А.Амиралиева.

4. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің №16 бұйрығының талаптарына сәйкес «Жалпыға міндетті білім беру қоры» есебінен мектеп асханасында оқушылардың бір мезгіл тамақтануын ұйымдастыру жұмыстарын

қадағалау бракеражды комиссия және ата-аналар тарапынан құрылған комиссия мүшелеріне жүктелсін, қатаң бақылауға алынсын. Жауапты: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарының у.м.а Ж.А.Сламбаева.

5. Асханада мектеп әкімшілігі қызметкерлері тарапынан кезекшілік кестесі бекітілсін. Жауапты: директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Б.А.Калаубаева.

6. Күнделікті көрнекті жерде, салауатты тағам бұрышында ас мәзірінің ілінуі бақылауға алынсын. Жауапты: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарының у.м.а Ж.А.Сламбаева, әлеуметтік педагог А.А.Амиралиева.

7. Бір мезгіл тамақтанатын оқушылардың тізімі, тамақтанатын уақытының ілінуі және уақытылы тамақтануы қатаң қадағалауға алынсын. Жауапты: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарының у.м.а Ж.А.Сламбаева, әлеуметтік педагог А.А.Амиралиева.

8. Тамақтану блогының санитарлық жағдайы, ауыз сумен қамтылуы, дизайн мен мектеп эргономикасының замануи талаптарына сәйкес тамақтандыру блогының эстетикалық безендірілуі қағалансын. Жауапты: директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасарлары Н.Е.Мырсейтов, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарының у.м.а Ж.А.Сламбаева, мектеп асханасын жалға алушы кәсіпкер К.Т.Камбарова.

9. Түрлі жарнамалық билборттар, банерлер, плакаттар болмауын қадағалауға алынсын. Жауапты: директордың оқу-шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасарлары Н.Е.Мырсейтов, Ж.А.Сламбаева.

10. Тағам өнімдерін сақтау шарттарын және тарату мерзімдері қадағалансын. Жауапты: директордың оқу-шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасарлары Н.Е.Мырсейтов.

11. Тамақтандыру блогына түсетін тез бұзылатын өнімдердің дұрыс, сапалы болуын бақылау журналындағы мәліметтің толық болуы бақылауға алынсын. Жауапты: мектеп медбикелері А.О.Моминова, К.П.Жаманкараева, С.Оразбай.

12. Қойма бөлмелерінде өнімдерді есепке алудың дұрыстығы және өнімдерді беруге талаптардың орындалуы, дайын тағам көлемінің бекітілген ас мәзірі бойынша тағамның жіктеуіне сәйкес болуы қадағалансын. Жауапты: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарының у.м.а Ж.А.Сламбаева, әлеуметтік педагог А.А.Амиралиева, мектеп медбикелері А.О.Моминова, К.П.Жаманкараева, С.Оразбай.

13. Тамақтандыру блогының құжаттамасының болуы және жағдайы сондай-ақ тамақтандыру блогы қызметкерлерінің жеке медициналық кітапшаларының болуын қадағалансын. Жауапты: директордың оқу-шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасарлары Н.Е.Мырсейтов, Ж.А.Сламбаева, әлеуметтік педагог А.А.Амиралиева, мектеп медбикелері А.О.Моминова, К.П.Жаманкараева, С.Оразбай.

14. Күнделікті тағам мен кулинарлық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалаудың ақауды тіркеу журналында жазу арқылы дайын өнімнің органолептикалық бағалауын өткізу және оның оқушыларға берілу мүмкіндігі қадағалансын. Жауапты: мектеп медбикелері А.О.Моминова, К.П.Жаманкараева, С.Оразбай.

15. Дайын тағам көлемінің бекітілген ас мәзірі бойынша тағамның жіктелуіне сәйкес болуын қадағалансын. Жауапты: әлеуметтік педагог А.А.Амиральева.

16. Тамақтардың оқушыларға берілу дұрыстығы мен дайын өнімнің сақталуы, асхана жағдайының санитарлық жағдайын кезеңді түрде тексеруден өткізілсін. Жауапты: мектеп медбикелері А.О.Моминова, К.П.Жаманкараева, С.Оразбай.

17. Сынамаларды іріктеуге және сақтауға бақылау күшейтілсін. Жауапты: мектеп медбикелері А.О.Моминова, К.П.Жаманкараева, С.Оразбай.

18. Тілектер және пікірлер журналындағы ата-аналар мен басқа қадағалаушылардың жазбалары бақылауға алынсын. Жауапты: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарының у.м.а Ж.А.Сламбаева.

19. Мектеп асханасының қызметкерлерінің медициналық кітапшаларын жарамдылық мерзімі тексеріліп, қадағалансын. Жауапты: мектеп медбикелері А.О.Моминова, К.П.Жаманкараева, С.Оразбай.

20. Мектеп асханасын жалға алушы кәсіпкер К.Т.Камбароваға төменде аталған талаптардың орындалу жауапкершілігі жүктелсін:

- оқушыларға бір мезгіл тегін ыстық тамақ бекітілген ас мәзіріне сай әзірлеу;
- санитарлық ережелерге сәйкес сапалы және қауіпсіз тағамдар жеткізу;
- мектеп асханасындағы бөлмелер мен құрал-жабдықтың тиісті санитарлық жағдайын әрекет ететін санитарлық-эпидемиологиялық ережелерге және қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына арналған нормаларға сәйкес қамтамасыз ету;
- тауарды өндірушіге немесе сауда жүйесіне қайтару мүмкіндігі болмаса, тауарлық түрі немесе ақауы бар өнімді өз есебінен алмастыру;
- тілектер және пікірлер журналын жүргізіп, оны көрнекті жерге орнату;
- ассортименттік тізімге сай өнімнің болуын қамтамасыз ету;
- өнімді санитарлық өңдеуден өткізілген сыртқы ыдыста әкелуді іске асыру;
- тағам өнімдерін жеткізумен айналысатын нысанаға санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысының болуы, жалға алушының немесе жеткізушінің көлігімен жеткізу;
- тағамды тасушылар асты таратуда оған қолын тигізбеуін қадағалау;
- үлеске бөлуде таңбалаған құралдарды пайдалануды қамтамасыз ету;
- мектеп асханасында тыйым салынған заттарды сатпауды қамтамасыз ету.

21. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығының 167-тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығының 109-тармағына сәйкес, жоғарыда көрсетілген талаптармен мектеп асханасында жұмыс жүргізу бақылауға алынып, сатуға және пайдалануға рұқсат етілмеген заттар тізбесі негізінде бұйрық шығарылып таныстырылсын. Жауапты: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарының у.м.а Ж.А.Сламбаева, мектеп асханасын жалға алушы кәсіпкер К.Т.Камбарова.

22. Асханаларда өзіне-өзі қызмет көрсету түрі бойынша тарату жүргізілмесін.

23. Асханаларда карантиндік шараларды сақтау мүмкін болмаған кезде, қол гигиенасын сақтау үшін жағдайлар болған кезде тамақты сыныптарға бір рет қолданылатын ыдыста не көп рет қолданылатын ланч-бокстарда жеткізу ұйымдастырылсын.

24. Буфет өнімдерін сату жеке қаптамада жүзеге асырылсын.

25. Буфет өнімдерін сату қолма-қол ақысыз, аударым арқылы жүзеге асырылып, есеп жүргізілсін.

26. Асхананың жұмыс режимі тамақтану залын жинау және дезинфекциялау үшін тамақтану аяқталғаннан кейін (ағындар арасында) кемінде 20 минут үзіліспен мектеп әкімшілігінің келісімі бойынша белгіленсін.

27. Бөгде адамдардың кіруіне жол бермеу мақсатында асхана тек оқушыларға, педагогтар құрамына және білім беру объектісінің қызметкерлеріне қызмет көрсетілсін.

28. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау жауапкершілігі директордың оқу, тәрбие, шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасарлары Н.Е.Мырсейтовке, Ж.А.Сламбаева, Б.Ж.Беркеноваға, Б.А.Калаубаеваға жүктелсін.



Мектеп директорының уақытша
міндетін атқарушы

 А.М.Болганова